

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯ НЕГІЗІ – ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДА

Елбасы өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи негізіне тереңінен тоқталып өтті. «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану. Тұрмысы байқуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне зор сеніммен қарайтын бақытты ел болу. Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдық. Біз үшін болашағымызға бағдар ұлтты ұйыстыратын ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігіміз арқылы халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді» – деп айтып өткен болатын [1;2].

«Мәңгілік ел» – идеясы елдің ұлы рухын, адамның адами қасиеттерін, еліміздің елдігін артыратын құндылықтарды біріктіретін идея. Елбасымыз көтерген ұлт болашағына негізделген «Мәңгілік Ел» идеясы – тарихи танымдық мұра, ұлттық деңгейдегі білім, ғылыми және мәдени құндылықтарға ие саяси бағыттағы терең ұғым. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – еліміздегі барлық саланы қамтитын үздіксіз білім мен ғылымның өркендеп өсу жолы және елдігіміз бен бірлігіміз, ерен еңбегіміз шыңдалатын үлкен өмірлік сынақ. Елдің тәуелсіздігі, тәуелсіздіктің мәңгі әрі баянды болуы адамның ұлттық қасиеттеріне негізделген құндылықтарда. Құндылықтар қоғамда адамдардың мінез-құлықтары мен қоғамдық өмірдің әлеуметтік нормативтік, саяси құқықтық реттеуші қызметін орындайтын белгі. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тақырыбының кейбір аспектілері отандық ғалымдар: Р.Б. Әбсаттаров, В.Х. Баймырзаева, А.Ж. Мұқажанова, Р. Қадыржанов, Қ.Ж. Нұғманова, ал этнопедагогикалық және этнопсихологиялық құндылықтары Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, С. Ұзақбаева, К. Қожахметова, Ж. Наурызбайлардың еңбектерінде қарастырылған.

«Құндылық» дегеніміз – философия, мәдениеттану, әлеуметтану, педагогика және психология ғылымының негізі ұғымы болып табылады. Құндылық тұлғаның бойындағы қасиеттердің жиынтығы. Құндылықтар – өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адамгершілік насихаттарға, адам өмірінің мәніне деген бағалаушы қатынас құралы.

Ұлттық құндылықтарға – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы жатады. Ұлттық құндылықтар бір этностық топқа тиесілі адамдардың мінез-құлқының әлеуметтік және нормативтік-мәдени аксиомасы рөлін атқарады [3].

В.П. Тугариновтың пайымдауынша қоғамдық өмірді үшке бөледі: бірінші, өмір құндылықтары: өмір, денсаулық, қуаныш, айналаңдағылармен қарым-қатынасқа түсу. Екінші, материалдық құндылықтар: физиологиялық қажеттілікті қанағаттандыру, рухани қажеттілікті өтеу. Бұл адамның тән және рух негізінде жүзеге асырылады. Үшінші, әлеуметтік-саяси құндылықтар: қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, бейбітшілік, бостандық, әділдік, теңдік, адамилық [4].

Ал, жалпыадамзаттық құндылықтар дегеніміз – адам туралы философиялық ілім мен аксиологияны оқытатын пәннің маңызды құрамдастарының жүйесіне енетін түсініктер кешені. Олар адам тегінің ұлттық, саяси, діни және басқа да әуестігінен еркін жалпы мүддесін білдіруімен ерекшеленеді және осы сипатта адамдық өркениет дамуының императиві болып табылады. Г.А. Омарованың пікірінше, жалпыадамзаттық құндылықтар – тарихи шектен шықпайтын табиғаты бар, бітпейтін этикалық құндылықтар, біртұтас рухани шынайылықтың түрлі қырлары және әлеуметтік, саяси, ұлттық, ғылыми, тұлғалық құндылықтардың өзгермелі жүйесінің инварианты болады. Мысалы, бұған шынайы махаббат, парызын риясыз орындау, шыншылдық, ішкі әлем және тыныштық, мейірімділік, жақсылық, обал-сауапты ескеру және т.б. жатады [5].

Философ Т. Ғабитов өз еңбегінде: «Құндылықтар – қасиеттер... бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде бала бойына даритынын» айтқан болатын. Сондай-ақ, барлық қасиеттер адам бойына моральдық жауапкершіліктер жүктейді, рухани сезімін айқындай түседі [10]. Барлық уақытта да өмірдің өзі табиғи және мәдени түрлерде сақтау мен дамыту мәселелері құндылыққа негіз болған. Сондықтан да, жалпыадамзаттық құндылықтардың біріне басқа құндылықтардың негізі ретінде жеке адамның өмірін жатқызуға болады. Ғылымға дейінгі дәуірде адамдардың ақиқатты түсінуі көпмағыналы болды. Оған: тәжірибелік білімдер, әңгіме, сенім, белгі, үміт, нанымдарды жатқызуға болады. Оларды тасымалдаушылар:

қариялар, бақсылар, көріпкелдер, сәуегейлер, абыздар, философтар, ғалымдар ерекше құрметке ие болды. Көреген билеушілер ғылым мен білімнің дамуына қамқорлық жасады. Ақиқат – адамның ең жоғары интеллектуалды құндылығы. Адамзаттың бастапқы құндылықтарына наным – қандай да бір нәрсені ақиқатында, дәлелді қажет етпейтін, тексермей-ақ тек іштей көз жеткізу арқылы мойындау жатады. Ал, діни көзқарас тұрғысынан наным күтуді жүзеге асыруды және көзге көрінбеске сенуді білдіреді. Бір қоғамдастықтағы сенетін кісілердің әлем туралы түсініктері шамамен бірдей болады, өйткені олар қоғамдастарының өткені (дәстүр) мен қазіргі тәжірибесіне сенуге бейім. Шығармашылық жоғары жалпыадамзаттық құндылық ретінде қарастырылады. Шығармашылық – адамға жасаушы, болмағанды шығарушыдай сезінуіне мүмкіндік береді. Бұл – іс-әрекеттік құндылық адамгершілік, әсіресе көркем-эстетикалық салада айқын байқалады. Шығармашылық нәтижелерінде адамның ішкі және сыртқы әлемінің бірлігі көрінеді. Алғашқы қауымдық құрылыста адамдар сурет салды, баспанасын, тұрмыс жасауларын, әшекей бұйымдарын, киім-кешегін, қару-жарағын, еңбек құралдарын, табыну заттарын жасаған.

Іргелі жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі – ар, әрбір адамның міндеттенуі, тыйым нормаларын белгілейтін моральдық және адамгершілік өзіндік бақылау, ішкі дауысты жүзеге асыруына мүмкіндік беретін қабілет. Ар – адамда болатын тілектің көрінуіне жол бермейтін ішкі түйсік. Абырой маңызды этикалық және ұлттық құндылық болып табылады, ол адамның әділдік, адалдық, шыншылдық, тектілік, қасиеттілік сияқты сапаларын бағалаумен байланысты кешенді түсінік. Парыз құндылығы – абырой санатымен байланысты, іштей қабылданатын (ерікті) міндеттеме. Парыз моральдық міндеттеме (моральдық парыз, адамгершілік парыз) – адамның басқа адамдар алдындағы ерікті моральдық міндеттемесін айтады. Парыздың басқа түрлері: азаматтық, патриоттық және әскери парыз. Жалпыадамзаттық құндылық – қасиет адамның моральдық-этикалық сапаларына ішкі қарым-қатынасы, моральдық-адамгершілік санат ретінде адам тұлғасын құрметтеу және өзіндік құрмет. Әділеттілік – адамдардың мүдделерін қамтамасыз ету, басқа да қасиеттерді құрметтеу. Әділеттілікті бекіту адамдарда қанағаттануды тудырады. Ал әділетсіздік ашуыза, наразылық, кек, жеккөрушілік, қызғаныш, өштесу т.б. Сондай-ақ, әділеттілікті орнату жо-

лында күреске итермелейді, маңызды моральдық-құқықтық құндылық екенін дәлелдейді. Қайырымдылық – басқа адамға аяушылық, тілектес болу, қамқорлық жасау, сүйіспеншілік қарым-қатынасы. Жақсылық – игілік жолында пайдалы іс жасау, яғни, жақын, таныс емес адамға да, тіпті жан-жануарға, өсімдік әлеміне көмек көрсетуді білдіретін риясыз және шынайы ұмтылыс. Жақсылық өз кезегінде пиғыл (ниет) сияқты еркін ерікпен іске асырылуы мүмкін. Сәттілік, ұтымды жағдайлар жақсылық бола алмайды. Жақсылық жауыздыққа қарағанда игі іс жасаудың қарапайым еркімен көрсетілмейді, себебі мұндай ерік қанағатсыз, яғни адамгершілікке қатысты бейтарап болады. Нағыз жақсылық риясыз болуы керек. Қазақта «Әуелгі байлық – денсаулық» деген мақал бар. Шынында денсаулық – басты байлық. Денсаулық – кез келген тірі ағзаның толық өз қызметін атқару қабілеті, сырқаты, ауруының болмауын білдіретін күйі. Салауатты өмір салтын сақтаудың маңызы зор. Денсаулықта теріс өзгерістерді тудыратын қоғамдық өмірдің қиындауымен, техногендік, экологиялық, психологиялық, саяси және әскери сипаттағы тәуекелдердің артуымен адам ағзасына түсетін жүктеменің артуына және сипатының өзгеруіне байланысты салауатты өмір салтының өзектілігі туындап отыр. Ең жоғары эстетикалық құндылық – әсемдік. Әсемдік санатында адамға ләззат сезімін сыйлайтын, сонымен қатар, адамның шығармашылық, танымдық қабілеттерінің бостандығы мен толықтығын заттық-сезімталдық түрде іске асыратын шынайылық құбылысы. Мағынасы жағынан жақын түсініктер: үйлесімді, жетілген, сұлулық, әдемі. Жалпыадамзаттық құндылықтарға сол сияқты заң және құқықтық тәртіп жатады. Заңдылық – қоғамдық өмірде құқық пен заңның үстемдігінен, қоғамдық қатынастарға қатысушылардың құқықтық нормалар және қоғамда тәртіп пен ұйымшылдықты қамтамасыз етуден тұратын қоғамдық-саяси тәртіп. Құқықтық тәртіп – заң және басқа құқықтық нормалардың сақталуы қамтамасыз етілетін қоғамдық қарым-қатынастар жағдайы, қоғамдық тәртіптің құрамдас бөліктерінің бірі. Бұл әлеуметтік байланыстардың шын мәнінде реттелген жағдайы, заңдылықтың сапалық көрінісі [3; 4].

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесінде тәрбие жүйесін жаңғыртудың мемлекеттік басымдықтары «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында көрсетілген. Жастардың

әлеуметтену үдерісі келесі құндылықтарға негізделеді: патриотизм, халық бірлігі, мәдени саналуандық, толеранттылық, отбасы, денсаулық және спорт, саламатты өмір салтын сақтау. Патриотизм – тұлғаның кіріктірілген қасиеті, өз Отанына, отандастарына сүйіспеншілікпен қарау, мемлекеттік билікті сыйлау, Отанына қызмет етуге дайын болу борыштық міндетін сезіну. Мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштығын сақтау үшін күресу, өзінің ана тілін, ділін, салт-дәстүрін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, табиғат пен адамдар арасындағы мейірімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамыту. Ұлтаралық келісім және толеранттылық. Қоғамда саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісім сақталған. Бұл құндылықтар қоғамның іргетасы, ерекше қазақстандық толеранттылықтың негізі болды. Тіл – этнос құрушы, ұлтты біріктіретін баға жетпес құндылық болып табылады. Ана тілі – халықтың ғасырлар бойы жиған өмірлік тәжірибесін жеткізудің табиғи тетігі. Ұлттық тіл – адамзат өркениетінде әлемді түсіну мен әлемді сезіну ерекшеліктерін, өмір сүру және мәдениет, адамгершілік және эстетикалық құндылықтар бейнесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің негізгі жолы [3]. Қазақстан көптілді мемлекет ретінде «үштілділік тұғырын» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерін) қатар ұстап келеді. Еліміздің көптеген білім беру ұйымдарында оқу үдерісі үш тілде жүргізіліп жатыр.

Этнопедагогикалық құндылықтар – халықтың ұлттық мәдениеті, тарихы, ділі, тілі, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары негізінде тәрбиелеу мен оқытудың этникалық ерекшеліктерін реттейтін, этникалық топтарды сақтау мен дамыту мақсатында ұрпақтар арасында сабақтастық буын қызметін атқаратын материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы. Этнопедагогикалық құндылықтар жүйесінде тіл, діл, тарих, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ұлттық ойындар және фольклор мен мәдениеттің басқа элементтері ерекшеленеді [7; 8]. Ең маңызды құндылықтардың бірі өз халқының мүддесін қорғайтын азамат-патриотты тәрбиелейтін қазақстандық патриотизм болып табылады. Бұл Қазақстан халқы тудырған ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, өткен тарихымызға құрметпен қараудың моральдық нормаларына және құндылықтарына орнықтырылған патриоттық тәжірибені меңгеру арқылы іске асырылады [3]. Дәстүрлер – қоғамда немесе жекелеген топтарда ұзақ уақыт аралығында сақталған,

тарихи қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа берілетін әдет-ғұрыптар, мінез-құлық нормалары, салттар, қоғамдық нұсқамалар, мұраттар мен құндылықтар. И.С. Кон анықтамасында: «Әдет-ғұрып дегеніміз – белгілі бір қоғамда немесе ұжымда белгілі бір тарихи жағдайға байланысты адамдар арасында қалыптасқан қоғамдық тәртіптің түрі. Ал, дәстүр дегеніміз – әдет-ғұрыптың өмірдегі әр түрлі формасы. Ол адамдардың белгілі бір бағыттағы тұрақты іс-әрекеті мен мінез-құлқының ұрпақтан-ұрпаққа ауысып берілетін түрі» делінген [6]. Қ. Жарықбаевтың пікірінше: «Әдет» дегеніміз жеке дара ерекшелік. Отбасындағы адамдардың (ата, әже, әке, шеше, ұл мен қыздың, немеренің) әр түрлі әдеттері жинақтала, сұрыптала және тиянақтала келе бір қалыпқа түсіп, жылдар өткен соң ғұрыпқа айналуы. Отбасы ғұрыптануынан – әулеттің ғұрпы, әулеттің ғұрыптануынан – ауылдың ғұрпы, ауылдың ғұрыптануынан – рудың ғұрпы, ал рулардың ғұрыптануынан – бүкіл халықтың ғұрпы қалыптасады. Осыдан кейін, ұлттық әдет-ғұрып нормалары түзіледі. С. Қалиев: «Салт – адам өміріндегі тіршілігіне (отбасынан бастап қоғамдық қатынаста) жиі қолданылатын мінез-құлық, қарым-қатынас ережелері мен жолжора, рәсім, т.б. заңдарының жиынтығы», «... дәстүр – қоғамдық сананың барлық салаларын (ғылым, әдебиет, өнер, ел билеу т.б.) қамтитын сана-сезім мен ой-пікір, көзқарастардың бағыт-бағдарын білдіретін озық үлгілері. Дәстүр арқылы қоғамдық қатынастардың негізгі бейнелері көрініс береді» деген тұжырым айтты [7; 8].

Мұхтар Арын «Бес анық» атты кітабында «дәстүр» сөзінің араб тілінен ауысқандығын, мағынасы «орныққан, тұрақты», күрделі үрдіс екендігін айта келе, дәстүрдің үш сипатын анықтап берді: жалпыхалықтық екендігін; дәстүрдің тұрақтылығын; дәстүрдің ұрпақтан-ұрпаққа берілуін [9]. Жалпыхалықтық дәстүрлерді мазмұн мен қоғамдық қызметіне қарай төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1. Діни дәстүрлер: ораза айт, құрбан айт, қажыға бару, ақсарбас, намаз, құрбандық шалу, құран ұстау, құран оқу және т.б.

2. Мерекелік дәстүрлер: наурыз мерекесі, жеңіс салтанаты, хан сайлауы, қоныс тойы, қымызмұрындық, сабан той, соғым басы, наурыз көже т.б. Бұл мерекелік дәстүрлердің қай-қайсысы жасөспірімнің ұлттық болмысына, ұлттық рухы мен діліне, патриоттық сезіміне мол тәлім-тәрбиелік ықпал етеді.

3. Тұрмыстық дәстүрлер: ат тергеу, аманат, жылу, ант, араша, ереулік, айрылысар кө-

же, мүше алу, қара шаңырақ, қонақасы, қарыз, жолдасу, құн төлеу, құтты болсын айту, той жасау, қол ұшын беру, қой басты, лау, базарлық, байғазы. Тұрмыстық дәстүрлердің қазақ халқының өмірінде, жас ұрпақ тәрбиесі мәселесінде алатын орны ерекше. Өйткені тұрмыстық дәстүрлер қазақ халқының этикалық, эстетикалық, моральдық, адамгершілік және тұрмыстық қарым-қатынастарының бейнелі көрінісі және тәжірибелік іс-шаралары.

4. Кәсіптік дәстүрлер: көктеу, жайлау, күздеу, қыстау, бие байлау, қырықтық, күйек байлау, шашыратқы, сіргежияр, тулақ шашар, уызқағанақ, кеусен, келі түбі, көген той, сірге мөлдіретер т.б. Ұлттық кәсіпке қажетті ұлттық икемділік, ұлттық шеберлік пен дағдылар қалыптастыру үшін төзімділік, шыдамдылық, еңбексүйгіштік, табандылық, ұқыптылық, тапқырлық, іскерлік, қабілеттілік қасиеттер болуы шарт. Бұл қасиеттерді бала бойына сіңіру мен жеке кәсіпке бейімдеуде тәлімгерлік тағылымдары мол.

5. Бала қуанышы дәстүрлері: құрсақ шашу, шілдеhana, қалжа, бесікке салу, тымаққа салу, қырқынан шығару, тұсау кесер, тілашар, сүндет той, құлақ тесу, атқа мінгізу, тоқым қағар, қыз ұзату, келін түсіру, үйлену тойы. Бұл дәстүрлердің этнопедагогикалық құндылықтары алуан түрлі. Оның басты шарттары бала тәрбие үрдісінің сабақтастығында, үздіксіздігінде және толассыз жүргізілуінде.

6. Құдандалық-жекжаттық дәстүрлер: бесік құдалық, бел құдалық, қарсы құдалық, жанама құдалық, бауыздау құдалық, бес жақсы, жаушы, құда түсу, қалың мал, киіт, құйрық бауыр, өлі тірі, ұрын келу, қыз таныстыру, жасау, шаңырақ түйе, беташар, есік төр көрсету, қыз таңдау, қыз айттыру, той малы, сүт ақы, ақ отау тігу т.б. тарихи әлеуметтік маңызы бар дәстүрлерінің ұлттық, әулеттік тектілікті, қан тазалығын, діл және рухани тазалығын сақтау дәстүрі ұрпақтың болашағында, тәрбиесінде қажетті рөл атқарады.

7. Жерлеу дәстүрлері: арыздасу, атаукере ішкізу, имансу, сүйекке түсу, жаназа шығару, жерлеу, көңіл айту, жоқтау, қазан төңкеру, қара байлау (ақ, қара, қызыл), жерге аманат қою, топырақ салу, тұлдау, шек беру, үші, жетісі, қырқы, жүзі, жылы, ас беру т.б. Қазақ халқының қаза тапқан адамдарды жерлеу дәстүрлері ерте заманнан қалыптасқан таным, наным, сенім, ұғым, әдет, ғұрып дәстүрлерінің дәлелденген формасы. Аруақты сыйлау, аруаққа тәу ету, аруақты әрдайым есте сақтау, қаза болған адамды жерлеу рәсімдерін қалыптасқан ереже-

ге сәйкес орындау, ислам діні қағидаларымен қатар ұлттық жерлеу дәстүрлерін ұстану, жерлеуге дейінгі және жерлеуден кейінгі ұлттық рәсімдерді орындау (көңіл айту, жоктау, тұлдау, қара байлау, аза тұту), балаларды жетімсіретпеу шараларын орындау тәрізді дәстүр тізбесі жасөспірім тәрбиесінде мәні зор қызметтер атқарады.

8. Әскери-ұландық дәстүрлер: ұран салу, шеру, елші, аманат, сауға, жекпе-жек, кек алу, бітім, барымта т.б. Отан қорғау, ел амандығын, жер тұтастығын қамтамасыз ету еліміздің ежелгі мұраты болып келді. Егеменді еліміздің тәуелсіздігін көзінің қарашығындай сақтау әрбір азаматымыздың отан алдындағы басты міндеті. Ежелгі дәстүрлерді (жастарды әскери міндетін атқаруға аттандыру, қарсы алу шаралары, соғыс ардагерлерімен кездесулер ұйымдастыру, әскери ұлттық ойындар өткізу) кеңінен насихаттай отырып, пайдаланудың тәрбиелік маңызы бар.

9. Аңшылық дәстүрлер: сырлығы, сонар, салбурын, саятшылық құс салу, ит жүгірту. Қазақ халқында аңшылық екі бағытта дамыды. Кәсіптік аңшылық. Саятшылық, салбурын, сонар маусымдық аңшылық дәстүрлер. Бұл күнді саятшы, құсшы, аңшылар асыға күткен. Бірақ мұны кәсіпке айналдырмаған. Бұл дәстүрлердің эстетикалық, этикалық тәрбиесі маңызды.

10. Мәдени дәстүрлер: (өнер, ойын), сал серілік, күйшілік, әншілік, жыршылық, ақындық, айтыс, ісмерлік, зергерлік, үйшілік, алтыбақан, ақсүйек, қызойнақ, қыз қуу, бәйге, көкпар. Қазақ халқының мәдени мұралары ауыз әдебиеті, фольклорлық музыкасы, бейнелеу және қолданбалы қолөнері, мүсіндеулер мен архитектуралық кесенелер, ұлттық спорттық ойындар тәрізді эстетикалық мәдени дәстүрлерді жасап, орындаушылар (серілерді, әншілерді, күйшілерді, жырауларды, айтыс ақындарын, ісмерлер мен зергерлерді, атбегілер мен сыншыларды, мүсіншілер мен кесене жасаушыларды) тәрбиелеп дүниеге келтірген. Мәдени дәстүрлер арқылы өнерпаздарды тәрбиелеудің амалдары, ұрпаққа үздіксіз мәдени тәрбие берудің үлгілері қазіргі этнопедгогикалық тәрбие мен құндылықтарда жатыр.

11. Жаңа дәстүрлер: туған күн, мерей той (алтын, күміс, қола тойлар), жаңа үйге кіру (қоныс той), аттестат-диплом тойлары және басқа халықтардың этномәдени және дүниежүзілік өркениет үрдістерінен халқымыздың рухани болмысына әлеуметтік қарым-қатынастар арқылы (қоғамдық, саяси, моральдық) енген жаңа дәстүрлердің жас ұрпақ тәрбиесіне тигізер оңды және теріс ықпалын сараптап, пайымдауға болады.

Тәрбие шараларын ұйымдастырғанда оның теріс ықпалдарының алдын алу шарт. Этностың этногенездік даму дәрежесінің ең жоғарғы сатысы халықтық дәстүр екендігін айттық. Халықтық дәстүрлердің қайсысы да халықтық педагогика дәстүрлеріне айнала алады. Сондықтанда халықтық педагогика дәстүрлері туралы сөз қозғағанда оның этнопеддагогикалық құндылықтар негізінде жатқанын, жас ұрпақ тәрбиесіндегі басты құндылықтар бастауына айналғанын ескеру қажет [4; 7; 8].

Ел басымыз білім алушы жастарға ұлттық тәрбие беруде, біріншіден, ұлттық сана-сезімдегі ұлттың өткен тарихына, бүгінгі мен болашағына деген патриоттық көзқарасты қалыптастыру, екіншіден, үш тілді бірдей меңгеру мен төл мәдениетті зерделеп танудағы белсенділікті арттыру, үшіншіден, ұлттық мүдде мен құндылықтарды жастар санасына сіндіруді үлкен жауапкершілікпен ұстаздарға артып отыр. Саналы азамат болып қоғамға пайда келтіру, білім мен тәрбие алу, ата-ананы сыйлау және қамқорлық жасау әрбір жасөспірімнің отан алдындағы парызы болып саналады.

Қазіргі білім беру ұйымдары мен оқу орындарының басты мақсаты еліміздегі білікті мамандарды даярлау екендігі даусыз. Қоғамдағы өзгерістердің қарқынды дамуы жаңа заман талабына сай сапалы кадрларды даярлауды қажет етіп отыр. Болашақ мамандар үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық үдерістерді талдай білуге, нарықтық бәсеке жағдайына төтеп беретін, өз мақсатын нақты жүзеге асыра алатын болуы тиіс. Яғни, бұл нарықтық қатынастағы қызмет талаптарына сай, маманның бәсекеге қабілеттілік деңгейін, халықаралық бәсеке күресінде мемлекеттің табысын анықтайды. «Мәңгілік ел» идеясының негізі жалпыадамзаттық құндылықтар гуманизм, патриотизм, төзімділік, адамгершілік, ұлтаралық сыйластық пен ашықтық ұстанымдарын алға қояды. Бұл құндылықтар Қазақстандағы барлық ұлттар мен этностарды біріктіретін ұлттық идеяға негіз бола алады. Сондықтан да ұлттық парыз, ұлттық сезім, ұлттық сана, ұлттық рух және ұлт мақтанышы, ұлт намысы құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады. Сол себепті өткен тарихқа, салт-дәстүрге көз жүгірте отырып, төлтума ұлттық ерекшеліктегі әлеуметтік тәжірибені нығайтуға күш салынууда. Заманауи тұлға білім беру, оқыту, тәрбиелеу, өзіндік тәрбие процесінде қалыптасады, ал осы инновациялық кешенді процесс білім берудің бірқатар жаңа құндылықтарын талап етеді. Білім берудің

жаңа құндылықтары оқушыларға, студенттерге құқықтық мәдениет, қоғам өмірінің нормаларын меңгертуден, экономикалық оқыту және экономикалық білім беруден құралады [3; 7; 8].

«Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруда жас ұрпаққа сапалы білім беруде жаһандық демократиялық құндылықтардан бас тартпай, қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту, осы жаңашылдықты қалыптастыруда дәстүрлі құндылықтарды жаңғырта отырып, ұрпақ жадына сіңіру. Жаһанданудың қазіргі үдерісі «Мәңгілік

ел» – идеясын жүзеге асыру отандық білімнің әлемдік білім кеңістігіне енуі, жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы және жеке тұлғаның мәдениеті мен кәсіби құзырлығының тұрақты қалыптасуы болып табылады

Тәуелсіздігіміздің негізі «Мәңгілік ел», қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, білімді де білікті өскелең ұрпақ – мәңгілік ел тірегі болмақ!

Әдебиеттер

- 1 «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». – Астана қаласы, 11 қараша 2014 жыл
- 2 Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2015 жыл, 30 қараша.
- 3 Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары: әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 64 б.
- 4 Куанышбаева Ж.Ж. Қазақстан Республикасындағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар: PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2015.
- 5 Омарова Г.А. Духовно-нравственное воспитание студентов вузов на основе общечеловеческих ценностей: Автореф. дис... канд.пед.наук / Г.А. Омарова. – Алматы, 2010. – 25 с.
- 6 Кон И.С. Этнический словарь. – М.: Политиздат, 1983. – С. 333.
- 7 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995. – 352 б.
- 8 Садуақасұлы Ә. Қазақ мектептерінің оқу-тәрбие үрдісін этнопедagogикалық дәстүрлер негізінде ұйымдастырудың шарттары. – Алматы, 2008. – 164 б.
- 9 Арын М. Бес анық. – Алматы, 1995. – 97 б.
- 10 Ғабитов Т.Х. Философия: оқулық. – Алматы, 2016.

References

- 1 «Nurly zhol – bolashakka bastar zhol». – Astana kalasy, 11 karasha 2014 zhyl
- 2 Kazakstan zhana zhahandyk nakty ahualda: osim, reformalar, damu Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti – Elbasy N.Ә. Nazarbaevtyn Kazakstan halkyna Zholdaуy 2015 zhyl, 30 karasha.
- 3 Zhalpyadamzattyk zhane ulattyk kundylyktar men pedagogterdin zhanashyl tasilderi negizinde tarbie zhyjesin zhanartu zholdary: adistemelik kural. – Astana: Y.Altynsarin atyndagy Ultyk bilim akademijasy, 2013. – 64 b.
- 4 Kuanyshbaeva Zh.Zh. Kazakstan Respublikasyndary zhalpyadamzattyk zhane ulattyk kundylyktar: PhD filosofija doktory fylymi dorezhesin alu yshin dajyndalґan dissertacija. – Almaty, 2015.
- 5 Omarova G.A. Duhovno-nravstvennoe vospitanie studentov vuzov na osnove obshhechelovecheskih cennostej: Avtoref. dis... kand.ped.nauk / G.A. Omarova. – Almaty, 2010. – 25 s.
- 6 Kon I.S. Jetnicheskij slovar'. – M.: Politizdat, 1983. – С. 333.
- 7 Zharykbaev K., Kaliev S. Kazak talim-tarbiesi. – Almaty, 1995. – 352 b.
- 8 Saduakasuly A. Kazak mektepterinin oku-tarbie yrdisin jetnopedagogikalыk dastyrler negizinde ujymdastyrudyn sharttary. – Almaty, 2008. – 164 b.
- 9 Aryn M. Bes anyk. – Almaty, 1995. – 97 b.
- 10 Ғabitov T.H. Filosofija: okulyk. Almaty, 2016.